

2023-2024 оқу жылындағы атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарының есебі

Мемлекетіміздің әрбір азаматы – ұлттық құндылық, әрбір баласы – еліміздің ертеңі екенін ескерсек, әрбір ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасау міндетіміз болып табылады.

Қазіргі заманда өмір сүретін балалар үшін іс-әрекеттің екі саласы бар, және де олар бала тәрбиесіндегі негізгі институттар болып келеді - бұл, отбасы және білім беру жүйесі. Бала өміріндегі көптеген мәселелер де осы екі институттың әсеріне көбірек байланысты болып келеді. Бала үшін отбасы – бұл, оның дене бітімінің, психикасының, мінез - құлқының және интеллектісінің жақсы қалыптасып, дамуына ыңғайлы жағдайлар жасайтын орта болса, білім беру - баламен кеңесе отырып оның жеке қызығушылықтарын анықтау, оның белгілі бір мақсаттарға деген ұмтылыстары мен мүмкіндіктеріне қолдау көрсету, оның адами қасиеттері мен құндылықтарын сақтай отырып дамуына, оқыту нәтижелеріне өз бетінше қол жеткізуіне, өзін-өзі тәрбиелеуіне, көпшілікпен араласуына, өмір сүру салтын қалыптастыруға кедергі келтіретін қиындықтарды жеңуіне көмектесу болып табылады.

Барлық бала тең дәрежеде және өз мүмкіндігінше білім алуы тиіс. Инклюзивті білім беру даму мүмкіндігі шектеулі балаларға қоршаған орта мен жалпы қоғам алдында тең құқылы болуға қолдау көрсетеді. Мектеп тек білім беру қызметін ғана атқармай, бала өмірінде тәрбие берудің де негізгі саласы болып табылуы тиіс. Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік – тұрмыстық өмірге бейімделуін толық қалыптастырып, қоғам өміріне толыққанды енуіне мүмкіндік беретін адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруымыз керек. Жалпы білім беретін мектепте даму мүмкіндігі шектеулі балаларға қолайлы жағдай жасалуы тиіс. Қазіргі таңда әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие сапалы білім беру өмір талабы болып табылады.

Мектебімізде тәрбие жұмысы **«даму мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берумен қатар қоршаған орта мен жалпы қоғам алдында тең құқылы болуына қолдау»** мақсатында, тәрбиенің тұжырымдамалық негізінде көрсетілген айқын 7 бағытты қамтылған:

1. Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие
7. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

1. Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағыты бойынша, ерекше балалар бойында патриоттық сезімді қалыптастыру, еліне, жеріне деген сүйіспеншілік түсінігін арттыру мақсатында жыл басында бекітілген жоспар бойынша, мемлекеттік мейрамдар «25-қазан-Республика күні», «16-желтоқсан-тәуелсіздік күні», «1-мамыр-Ұлттар достығы күні», «9-мамыр-Ұлы жеңіс күні» мейрамдарының қарсаңында апталық іс-шаралар және сынып сағаттары жоспарланып өткізілді. Барлық іс-шара бағдарламасы балаларға түсінікті және балалардың даму деңгейіне қарай танымдық қабілетін арттыруға, қызығушылықтарын қалыптастыруға, ойлау қабілетін дамытуға бағытталған. Бұл іс-шаралар апта басында сыныптарды тақырыпқа сай етіп безендіру, яғни қабырға газеттерін шығару, буклеттер жасаудан басталып, сыныптарда түсіндірме жұмыстарын жүргізу барысында тақырыптық сынып сағаттары өтілді. Апталық барысында балар арасында қолөнер көрмелері өтілді. Яғни балалар өздерінің түсінігі мен қиялының арқасында жасалған тақырыптық суреттері немесе қолөнерлерінен көрмелер ұйымдастырды, және апталық ұжым қызметкерлері ұйымдастырған тақырыптық концерттік бағдарламамен, ерекше көзге түскен белсенді балаларымызды марапаттаумен аяқталып отырды. Барлық апталық соңында мұғалімдер мен мамандар жиналысы өтіліп, өткізілген іс-шара талқыланып, қорытындысы шығарылып отырды.





2. Рухани-адамгершілік

Мақсаты: балалардың адамгершілік іс-әрекеттерін қалыптастыру, сыртқы келбетпен күнделікті тұрмыс дағдыларын қалыптастыру.

Күз мезгілінің келуіне байланысты ауа райында болып жатқан өзгерістерді балаларға таныту мақсатында «Алтын күз» тақырыбында ертеңгіліктер ұйымдатырылды. «Іс-шара барысында балалармен бірге сыныптар безендіріліп, күз тақырыбына байланысты жасалынған көрнекіліктердің барлығы балалардың қатысуымен жасалынды. Сыныптар арасында «Алтын күз» тақырыбында қолөнер көрмесі, «Берекелі күз» тақырыбында балалар арасында аппликация жасаудан байқаулар ұйымдастырылып, оларды бағалаушы алқалар мүшесі тағайындалып, балаларды марапаттау рәсімдерімен жалғасып отырды.

Сонымен қатар, «Қош келдің сыйқырлы Жаңа 2024 жыл!» тақырыбында мұғалімдер мен мамандардың ұйымдастыруымен жаңа жылдық ертеңгілік өтті. Ол жерде балалар кейіпкерлер арқасында жаңа жылдық ғажайып әлемге, ертегі әлеміне саяхат жасады. Балалар Аяз атаға тақпақтар айтып, би билеп, ән шырқап өз сыйлықтарын алды. Ертегі желісімен ұстаздар балаларға жаман мен жақсыны, дұрыс пен бұрысты ажырата білуге үйретті.



3. Ұлттық тәрбие

Мақсаты: Ерекше балаларға өз ұлттарына деген құрметін арттыру, ана тілі мен мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне мен дәстүріне құрмет көрсетуге тәрбиелеу.

Жыл басында бекітілгендей ұлттық дәстүр мен ғұрыпты дәріптейтін «22-Наурыз мерекесі» қарсаңында апталық іс-шара ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, биыл 2024 –жылдың Наурыз айынан бастап, президентіміз Қ.К.Тоқаевтың бастамасы бойынша Наурыз мерекесі қарсаңында жаңа фориаттағы «Наурызнама» бойынша онкүндік іс-шара ұйымдастырылды.

Олар: 14 наурыз- Көрісу күні

15 наурыз-Қайырымдылық күні

16 наурыз-«Мәдениет және ұлттық салт дәстүр күні

17 наурыз-Шаңырақ күні

18-наурыз-Ұлттық киім күні

19 наурыз-Жаңару күні

20 наурыз-Ұлттық спорт күні

3-тоқсан 20 Наурыз күні аяқталып, балалар тоқсандық демалысқа шығуына байланысты, мектеп ұжымы алғашқы тақырыптарды қамти отырып, апталық жоспарланды.

Апталық барысында балалар арасында асық ойынын ойнау, арқан тартыс, ұлттық аспаптарды таныстыру барысында сынып ішілік сынып сағаттар және де ұлттық тағамдарды дәріптеу, балаларға әр ұлттың, сонымен қатар қазақ халқының да өзіне тән ұлттық тағамдары бар екенін түсіндіру мақсатында «Беркелі дастархан» сынып аралық сайыс ұйымдастырылды. Ұлттық киімді келешек ұрпаққа дәріптеу мақсатында апта бойына мектеп ұжымы ұлттық нақыштағы киімдерін киіп, балаларға ерекше әсер сыйлады. Апталық соңында «Қош келдің, Наурыз!» атты мерекелік іс-шара өтілді





4. Отбасы тәрбиесі

Мақсаты Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

«Ата-ана мен бала » тақырыбында өткен ата-аналар жиналысында ата-аналарға ерекше баланы әлеуметтіндіруде, тәрбиелеуде ата-ананың рөлі орасан зор екендігі жайлы айтылып, мектеп пен отбасының өзара байланысын, қарым-қатынасын нығайту, отбасының қарым-қатынасындағы сенімділікті және сыйластықты

қалыптастыру мәселелері кеңінен талқыланды.

Сонымен қатар мектеп психолог маманы мен дефектолог мамандарының ұйымдастыруымен «Ерекше балалардың жыныстық даму кезеңі», «Мен және қоғам», «Балам, мен сенімен біргемін» атты ата-аналарға түсіндірме семинар сабақтарын өтті. Сабақ барысында ата-аналар тақырыпқа сай өздерінің ойын мазалап жүрген сұрақтарына жауап алып, ерекше баланың даму кезеңіндегі кездесетін түрлі мәселелер кезінде қалай көмек беріп, баланы әлеуметтік ортаға бейімделуіне қалай ықпал тигізу керек екендері жайлы нұсқаулар алды.

Және де жыл соңында ата-аналармен қорытынды жиналыс өткізіліп, мамандар мен мұғалімдер тарапынан әр баланың жеке даму деңгейін ескере отырып, жаз мезгіліндегі демалыс уақытын тиімді және пайдалы өткізуіне ықпал ететін нұсқаулықтар берілді.



5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: ерекше балалардың экологиялық мәдениет туралы түсінігін қалыптастыру.

Ерте жастан экологиялық мәдениет жобасы аясында: «Мен табиғатты сүйемін» жобасында сенбілік жұмыстары ұйымдастырылып, оқушының өз сыныбы, өзі отырған парталарына тазалық жұмыстарын жүргізуге ықпал жасалып, әңгімеленді. Сонымен қатар, балаларды еңбекке баулу мақсатында, күнделікті тұрмыстық жағдаяттарға бейімдеу мақсатында «Мен аспазбын», «Дүкенші», «Құрылысшы», «Дәрігер» т.б. тақырыптарда рөлдік-сюжеттік ойындар ұйымдастырылып отырылды.



6. Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Оқушыларға көркемдік эстетикалық тәрбие беру мақсатында барлық сыныптарда әңгімелер жүргізіліп, таза, әдемі жүру жайлы әңгіме қозғалды.

«Менің досым», «Дос болайық!» тақырыбында өткізілген тәрбие сағатында оқушыларға дос, достық туралы әңгімелей отырып, олардың достық қарым-қатынасын жақсы, бір-бірімен тату болуы жайлы толығымен түсіндірілді.



7. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау.

Оқушылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында денсаулық күніне байланысты балалардың даму деңгейін екере отырып «Спорт-денсаулық кепілі» спорттық эстафеталық ойындар ұйымдастырылды, жоғарыда атап өткендей Наурыз мерекесі қарсаңында Ұлттық ойын асық ату ойындары ұйымдастырылып, жеңімпаз балалар марапатталып отырды. Сонымен қатар денсаулық тек спортпен ғана емес, жеке гигиеналық тазалықты сақтау екендігін де балаларға ұғындыру мақсатында, балаларға үнемі тазалық шаралары айтылып, сабақтар барысында жасалып, қайталанып отырылды. Жоспардан тыс тазалық шаралары міндетті түрде жүргізіліп отырды.

Жыл соңында жоспарға сай, бастауыш сынып түлектерінің мектеп бітіру салтанатына орай «Сыңғырла соңғы қоңырау!» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Онда бастауыш сынып түлектерін және үздік атанған оқушыларды марапаттау рәсімімен қоса, балалардың көңілін көтеру мақсатында ән айтылып, би биленіп, ойындар ойнатылды.

Сонымен қатар осы мерекелік іс-шараның жалғасы ретінде «1-Маусым-Балаларды қорғау күні» мерекесіне орай, балаларға көтеріңкі көңіл күй сыйлау, қарым-қатынас дағдыларының даму деңгейін күшейту мақсатында «Қағазды Шоу» бағдарламасы шақырылды.

2023-2024 оқу жылы балалар үшін естен кетпес сәттер мен қызықты күндерге толы болды. Балалардың қимастықпен қоштасқаны және ата-аналардың оңтайлы пікірлері осыған дәлел деп білеміз.





